

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Эволюция және ғылым





Мақсаты: әдебиет пен эволюция теориясының өзара ұштастығын анықтау, әдебиетті эволюциялық тұрғыдан талдауға баулу.

Кілт сөздер: әдебиет, дене бітім, ақыл-ой, эволюция, сезім.

Әдебиет – сөз өнері. Оған талас жоқ. Дегенмен әдеби шығармаларды сарапқа салып, жан-жақты талдаулар жүргізу үшін, көркем мәтіннің сырын ашып, қасиетін тану үшін біз міндетті түрле ғылымға иек артамыз. Онсыз сөзіміз – дәйексіз, ойымыз – бұлдыр, пікіріміз солқылдақ болып шығатыны тағы белгілі. Алайда әдебиеттануды ғылым санатына қосуға қарсы келетін кісілер де табылады. Өйткені оның мәнін дұрыс ұғына бермейтіндер үшін ғылым мен әдеби пайымдаулар бір-бірінен жырақ жатқан салалардай көрінетіні жасырын емес. Бірақ қазіргі ғылымдағы үрдістерге көз жіберіп, сөз өнерін талдаудың заманауи әдіс-тәсілдерін танығанымызда әдебиеттанудың қазіргі заманғы ғылыми зерделеулердің белортасында тұрғанына куә боламыз, яғни әдебиеттану ғылымы өзіндік методологиясы қалыптасқан, бүгінде пәнаралық негіздегі ғылыми зерттеулерге барынша ашық сала ретінде мойындалып отыр. Бүгінгі күнде әдебиетті зерттейтін ғалымдар бұрын басқа ғылым өкілдері зерделейтін таным, сезім және биологиялық-физиологиялық құбылыстарды да зерттеу нысаны алады, олардың сөз өнеріне, әдеби шығарманың көркемдік деңгейіне қосар үлесіне баға беріп, шынайы мәнін ашуға тырысады. Бірте-бірте мәдениет пен көркем өнер адамның физикалық дамуы үшін шешуші рөл ойнайтын құбылыстар ретінде қарастырыла бастады. Тіпті, әдебиет зерттеушілері бәрімізге анық заманауи оқиғалардың мәнін түсіндірген кезде ғылымның өзі қайшылықты көзқарастарға ұрынып жатады. Олар дұрыс нәрсенің өзіне күмәнмен қарайды.

Қазіргі әдебиеттану ғылымының пәнаралық зерттеулерге ден қойғанын жоғарыда тілге тиек етіп өттік. Біздің бұған дейінгі дәрістеріміздің көбі осындай ізденістердің нәтижесі болатын. Олардың көбі ең бірінші философиямен, психологиямен ұштасатынына өздеріңіз куә болдыңыздар. Алайда, соңғы жылдары Батыс елдерінде әдебиеттану ғылымы нейроғылыми бағыттармен етене қарастырылып, бұған дейін айтыла қоймаған ерекше тұжырымдардың тууына түрткі болуда. Ондай ізденістердің бір парасы ретінде біз бүгінгі дәрісіміздің арқауы болып отырған эволюция теориясына қатысты көзқарастар тұрғысынан әдеби талдау жүргізуді айтар едік.

Эволюция қағидасы әдеби-теориялық пікірталастарда айрықша маңызға ие болды. Біздің эмоциямыз бен көңіл күйіміз атадан балаға мирасқа қалып келе жатыр. Олардың түп бастаулары тым әріде жатыр, мыңдаған жылдарға барып тіреледі. Тарихтың қатпарлы кезеңдерінде біздің тәніміз, тұла бойымыз бен кескін-келбетіміз айналамыздағы зиянды әсерлерге бейімделуге мүмкіндік берді. Әрине, табиғаттың құпия әрі дүлей күштері мен әртүрлі жаратылыстардың зәбір-жапасынан қорғануға бәрінің бірдей күш-қуаты жете қойған жоқ. Ал аман қалғандары өздеріне жаңа қасиеттер дарытқан генетикалық құрамның арқасында құтылып шықты. Себебі, гендегі өзгерістер олардың әрі қарай өмір сүруіне жол ашты. Өзгеріске ұшырап, сау қалған жандардың жаңа қасиеті ген құрамына еніп, біздің ортақ кескін-келбетіміздің бөлігіне айналды. Міне, үрей сезімі сияқты эмоция әсеріне эволюция тұрғысынан қараудың қызығы осында. Олар қалай бейімделді? Адам өміріне қалай септігін тигізді? Жер бетінде соқыр сенімге берілмейтін немесе бір сәтке болсын бой билетпеген жан жоқ. Бұл да бір мүмкіндік. Не үшін дейсіз ғой?

Өйткені бәрімізде ми бадамшасы бар. Ал бадамшаны тіпті мидың басқа бөлімдері бақылап отырса да, ол қауіп-қатер төнген қысылтаяң сәттерде бірден үрей сигналын жібереді. Бұл осылай болуы тиіс, себебі мұндай үрей сезімі тарихтың қандай да бір сәтінде тірі қалу үшін пайдалы болатын. Ол кезде бадамша мидың қауіп-қатерді түйсініп, бас сауғалауға көмек беретін бөлімі болды. Бірақ адам өз қауымдасынан неге қорықты? Үрей сезімі адамдарды қауіпті дертпен ауыратын бөгде кісілерден қорғады деген жорамал бар. Егер сіз бір әлеуметтік топта ұзақ уақыт жүрсеңіз, олардың ауруына бой алдырып кетуіңіз мүмкін. Бойыңызда оларға қарсы қорғаныш қабілеті қалыптасады. Қай кезде болмасын, бөтен адамға жоламайтын кісілер басқалардан гөрі сырқатқа сирек шалдықты және көбінесе тірі қалды. «Сақтансаң – сақтайды» деген қағидаға бекем болды. Өйткені оларға ауру жұға бермейтін. Екінші бір мәселе, жанындағылардың бөтен адамдарға жолап кетуі қауіпті еді, олардан аулақтаудың арқасында тірі қалды. Біздің ежелгі дәуірлердегі бабамыз болып саналатын Хомо эректус («Homo erectus») өз тегін қанға батырды.



Оның дамып-жетілген толағайы тасбақаның сауытын еске салады. Мығым бассүйек жанындағы серіктерінің соққысына шыдас беруі тиіс еді. Бадамшаның эмоциялық өнімдері – үрей мен қорқыныш сезімінің адамды қатерге толы әлемге бейімдеуде пайдасы мол.

Генетика саласында үрей сезімін тудыратын өзгерістің қалай пайда болғаны жөнінде дау-дамай әлі толастаған жоқ. Стандартты үлгі деп аталатын ағым мутация кездейсоқ пайда болады және сұрыпталады дейді. Бірақ кейбір өзгерістер қоршаған ортаға жауап кезінде жүзеге асты. Оны адамдар құдды табиғаттың қысымы барысында өзгеріске бейімделу ретінде дамытқандай көрінеді. Осы орайда, антигендермен атқылаған кезде құбылып, жаңа түрге енетін вирустарды еске түсірсек болады, яғни сыртқы ескертулер өзгеріске бастайды екен.

Бұл мәселе әлі шешімін таппай тұр, дегенмен осы мәселенің өзінен қызықты жайт туындайтыны тағы бар. Адамның қоғам құру жолындағы күресі бір ретте немқұрайлы бәсекемен сипатталса, тағы бір ретте адамзат институттарының қамқорлығы, жанашыр мінезі және тәлімдік қолдауымен сипатталады. Бұл тек саясат саласына ғана емес, сонымен бірге эволюцияға да тиесілі мәселе, өйткені қоршаған орта адам өзіне әсер еткенде геннің қандай түрлері және қандай өзгерістердің болатынын айқындайды. Біз саяси күрес адам жанын жаулау үшін жүрді дедік, бірақ, дәлірек айтқанда, олар кісінің дамыған тән болмысын баурауға талпынған болар.

Ген мен генетика анықтамасының танымал үлгісі қарамағындағыларға бұйрық беретін кеме командирін еске салады. Бірақ оның мәнін мына сипаттама дәл ашатын сыңайлы. Гендер алай-дүлей дауылда жүзіп келе жатқан кемеңіздің сенсорлары тәрізді. Олар кемеңізді диттеген жеріне жеткізуге жұмылып, жұмысын реттеп отырады. Жергілікті бейімделу шартына сәйкес, ағзалар күн райы мен қоршаған ортаға қарай пішінін өзгертеді. Бұл қалыпты құбылыс саналады. Адамдар өздері үшін жасаған жаңа ортамен жымдасып кету үшін жылдам өзгеруі де мүмкін. Мәдениет тарихына зер салатын болсақ, біз бұл үйлесімді дәлелдейтін жайттарды айқын көре аламыз. Хомо эректус деп аталатын адамзаттың бабасының қанқұмар пиғылы уақыт өткен сайын әлсірей берді. Сөйтіп Хомо сапиенс («Homo Sapiens») теріс эмоцияларды тізгіндеудің алуан тәсілін жетілдірді. Сонымен, адамзат қит етсе күшке жүгінетін әдетінен арыла бастады.

«Алқызыл әріп» сияқты романды осы эволюция ұғымдары аясында түсіндіріп беруге болады. Туынды екі бөлек топ жайлы сыр шертеді. Чиллингворт пен губернатор Биллинг бастаған бірінші топ үстем мінез-құлық, басқалардың құқығына немқұрайдылық, жас әйелдерді билеп-төстеу, үстірт сезім мен көңіл-күйді бақылау арқылы ғана тіршілік етуді танытады. Бұл топтың генотипін эволюция уақытымен алсақ, әріге кететіні көрінеді. Өйткені топтың басқа мүшелерінің қия басқан ізін қырағы қадағалау қасиеті көне заман адамының өмірінде кәдеге жарайтын. Мәжбүрлі бірлік билік пен иерархияға негізделген қауымды қорғау үшін жұрт болып жұмылуға жол ашты.

Бірақ адам генотипіндегі кейбір өзгерістер осы жолмен жүрді. Ал адамзаттың мүлдем бөлек екінші түрі де қылаң бере бастады. Готорн Хестер мен Диммесдейл кейпінде адамның осы жаңа фенотипінің қасиеттерін бейнелейді: өте зерек таным, мол жанашырлық, озық ойлау мен бейнелеу қабілеті, адам құқығының маңызын түсіну, ересек топтың әйелдер мен жастарға тұрақты көзқарасы. Біз осылай жоғарыда айтылған мидың алуан бөлігінің көзқарас қайшылығын түсіндіретінін білеміз. Өйткені бадамша алдыңғы ми белдеме қатпарына қарағанда, өте ескі, барынша көне. Осылайша, романда эволюция үдерісінің мөлтек бейнесі көрінген. Ол тек екі идеологияны ғана емес, қақтығыс үстіндегі қос Хомо сапиенс кейпін де қамтиды.

Сөзімізді тағы да нақты мысалдармен дәйектей кетейік. Шекспирдің «Лир патша» деп аталатын пьесасында эмоция ізгілік өлшемі ретінде қолданылады, ал ізгілік басқаның жан жүрегін сезініп, олардың қайғы-қасіретін бөлсуден және одан арылтуға қам жасаудан тұрады. Жағымсыз кейіпкерлер жанашырлықтан жүрдай әрі біреудің азабынан ләззат алатын жандар кейпінде суреттеледі. Егер пьесаны эволюция желісінде қарастыратын болсақ, онда біз қанға сіңген, яғни басқаның қайғысынан қанағат тауып, өмір сүретін көне қасиеттен туатын адамдардың қақтығысын көріп отырмыз дей аламыз. Өйткені бұл, бәсекелестердің өлімін оңайлатып, адамдардың аңсары болған игілік үшін бір-бірімен күресін жеңілдетті. Кент, Глостер мен Корделия да осы күресте ажал құшты. Жаулары оларды жанашыр сезімдері үшін жек көретін еді. Осы мейірбан қасиеттер ежелгі адамдардың туыстарымен немесе бөгде кісілермен бірге үлкен шаңырақ астында бірге тіршілік етуіне мүмкіндік берді. Эволюция тарихында қазіргі сәтке дейін ежелгі адамдар тек ет жақын туысқандарымен ғана бір топқа бірігіп, өздерін қорғады деген түсінік



қалыптасқан. Сонымен бірге, олар кейде талғажау етер тамақ үшін басқа топтармен соғысуға мәжбүр болды. Ірі тайпалар мен бірлестіктердің пайда болуы жаңа танымдық қасиеттерге жол ашатын еді және бұл қасиет Эдгар мен Корделия тәрізді кейіпкерлерде молынан көрініс тапты.

Пьеса, сонымен бірге, адамның эволюция және үнемі жағдайға бейімделу жолымен дамыған когнитивті қасиеті – алдау, арандату, жалғандыққа бару әрекетімен де сабақтасып жатыр. Эдмунд әкесі мен ағасын алдап, араларына от салады. Эдгар «сізге қарсы жасырын қастандық ұйымдастырып жатыр» деп әкесіне өтірік айтады. Ағасы Эдгар келгенде, «әкем жолықса, сенің басыңды алады» деп қорқытып, қашырып жібереді. Енді ол Эдгардың заңды және таңдаулы орнын иемденеді. Әкесінің ағасына тиесілі мәртебесі мен мал-мүлкінің мұрагері өзі болмақшы. Біздің алдауға бейім қасиетіміз бойдағы ізгілік, жанашыр сезімнің төмендігінен шығады, яғни біз басқалардың өмірі үшін қам жей бермейміз. Олардың санасында не болып жатқанына ой жібермейміз. Глостер алданып қалған кезде Эдгар әкесінің қандай ойы барын және қалай қолжаулыққа айналғанын түсінеді.

Біз неге алдаймыз? Әдетте, бұл, біздің байлық пен мәртебе, сол сияқты, қандай да бір пайдалы табысқа жетуімізге жол ашады немесе қорлық пен ұят сияқты жағымсыз сезімдерден жалтаруға мүмкіндік береді деп санаймыз. Бұл екі қасиет те Вуди Алленнің «Сіз ұзын бойлы қара бейтаныспен жолығасыз» («You Will Meet a Tall Dark Stranger») фильміне арқау болған. Жазушы ес-түссіз ұйқыға, яғни комаға кетеді, ал абыройы шатқаяқтап тұрған екінші бір әріптесі оның кітабының қолжазбасын ұрлап алады. Өзінің атынан жариялап, нәтижесінде атағы аспандап шыға келеді. Бірақ фильм оның ұрлығының әшкереленуімен аяқталады. Ұры ел-жұртқа масқара болады. Табиғат бізге неге масқара сезімін берді? Бұл кең әрі ауқымды әлеумет табының қалыптасуына түрткі болған секілді. Өйткені, ұят адамдарға өркениетті қоғам үшін аса маңызды қағидаларды сақтауға ұйытқы болады.

Жалпы, бүгінгі дәрісіміз бен өткен сабағымыздың өзара жақындығы жоқ емес. Өйткені, эволюция мәселесін де ғалымдар көбіне когнитивті ғылымның аясында ашып беруге талпыныс жасайды. Когнитивті ғылымның бір арнасы ойлау тетіктерін қалыптастыру жолдары мен адамның қоршаған ортаға бейімделуіндегі олардың орнын қарастыратын эволюциялық мәселелермен ұштасып жатады. Осындай мәселелерді арнайы зерттеген П. Хернади әдебиеттің эволюциялық үдерістердегі атқарар рөліне ерекше ден қойды. Оның пікірінше, әдебиет бір-бірін толықтырып тұратын екі түрлі қызмет атқарады. Адам құзыреттілігінің когнитивті, эмотивті және еріктілік көкжиектерін кеңейтеді және күрделі ұйымдасқан әлеуметтік ортада өмір сүру үшін қажетті ойлау жүйемізіндегі наным-сенімдерді, сезімдер мен тілектерлі біріктіруді жеңілдетеді. Протоәдеби өзара іс-қимылға қатысу ежелгі адамдардың өмір сүруіне және сол арқылы қазіргі адамзат қауымының бабаларына айналуына мүмкіндік берді.

П. Хернади протоәдебиет пен ауыз әдебиетіне тән мынадай когнитивті универсалилерді бөліп көрсетеді. Біріншіден, бұл төрт дискурстық модуста: тематикалық, нарративтік, драмалық және лирикалық дискурстар арқылы жүзеге асады. Бұлар семантикалық немесе эпизодтық жадыны және эгоцентристік немесе ұжымдық бағдарды вербализациялауға негізделеді. Екіншіден, аудиторияның эмоциялық әсеріне қарай шығарманың тартымды екенін әрі оның өзегінде жатқан күлкі және жылау деген секілді физиологиялық құбылыстарды тануға болады. Эволюциялық теория мен әдебиеттің теориясы қазіргі заманғы дарвинизмді әдебиет пен әдеби дамуға қолдануды көзлейтін биопэтика деген саланың аясында өзара жақындайды екен.

Эволюциялық теорияның идеяларын әдебиет арқылы түсіндіру, әрине, тың талдаулардың дүниеге келуіне сеп болды. Шынында да, әдеби шығармаларды осы қырынан сарапқа салу адам баласының басып өткен тарихи жолын тереңірек тануға, оның кем-кетігін саралауға және мәдениетке қатысты көптеген түйіндердің оңай шешілуіне жол ашатын секілді. Ежелгі дәуірлердегі өмір сүру салты мен кейінгі дәстүрлі және индустриалық қоғам кезіндегі адамдардың ой-өрісі, таным жүйесі бір-бірінен тым алшақ жатқанын білу қиынға соқпайды. Осының бәрі де біздің ата-тегіміздің қандай болғанын ғана емес, ойлау жүйеміз бен сезімдік әсерлеріміздің қандай өзгерістерге түскенін және қалайша басқа арнаға ауысқанын да түсініп білуге сеп болады. Ұжымдық құндылықтардың мәні азайып, оның орнын индивидуалдық құндылықтардың басуы мәселесін де аталмыш теория аясында ғылыми тұрғыдан сараптап, саралау артықтық етпейді. Айнала болмыстың, қоршаған ортаның біздің дүниетанымымыз бен құндылықтар жүйемізге тигізер ықпалы орасан. Осының негізінде, бұған дейінгі дәрістерімізде сөз еткен ұлттық біртектілік



мәселесін де қозғауға, оның шынайы белгі-нышандарын анықтауға болатындай. Эволюция теориясы мен әдебиеттің теориясын өзара ұштастырып, соның негізінде биопозитикалық зерделеулер жасау ісі енді жанданып, үлкен арнаға айналып келеді. Біздің ойымызша, оның берері, толысар тұсы алда.

Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. Қазіргі әдебиеттану ғылымы қай бағытта дамып жатыр? Қандай жаңа салаларды білесіздер? Оның ішінде эволюция теориясымен байланыстыра қарастырудың шығарманың көркемдігін ашуда рөлі орасан деп ойлайсыз ба? Өз ойыңызды дәлелдеп беріңіз.
2. Көркем мәтінде кезігетін үрей сезімін эволюция тұрғысынан түсіндірудің маңыздылығы неде?
3. П. Хернадидің тұжырымдары туралы пікір білдіріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Ауэзов Мурат Мухтарович. Времен связующая нить / Ауэзов Мурат Мухтарович. – Алматы: ИД «Жибек жолы», 2017. – 760 б.
2. Бердников Владимир Александрович; Эволюция и прогресс / Бердников Владимир Александрович; Отв.ред. С.Н. Родин; АН СССР. Сиб.отд-ние. – Новосибирск: Наука. Сиб.отд-ние, 1991. – 187 [4] б.
3. Жанрово-стилевая эволюция реализма; Сб.науч.тр. / Редкол.: Михайлова и др.: М-во народного образования КиргССР, Кирг.орд. Труд. Красн. Знам. гос.ун-т. – Фрунзе, 1988. – 128 б.
4. Яблоков Алексей Владимирович. Мир эволюции / Яблоков, Алексей Владимирович; Науч. ред. Б.М. Медников. – М.: Детская литература, 1985. – 127 б.